

БЕКІТЕМІН
УТВЕРЖДАЮ

Мектеп директорының орынбасары
И.о. директорының орынбасары
К.Д.Кудайбергенова

19 сент. 2023 ж.



КЕЛІСЕМІН
СОГЛАСОВАНО
Оқу ісінің меңгерушісі:
Зам.директора по ВР:
С.С.Кабылова _____

Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі
Мәдениет ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2 қазақ сыныптың 2023-2024 оқу жылының жоспары

2 қазақ сыныбының жетекшісі: Баенкина А.Ж.

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

Ұсыным

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП. Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
 - Елінің тарихын құрметтейді
 - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары Ар-ұят құндылығы:
- Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету
 - Әдеп нормаларын ұстану;
 - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. Күтілетін нәтижесі:
 - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді. Талап құндылығы:
 - Сыни және креативті ойлау;
 - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
 - Физикалық белсенді болу;
 - Салауатты өмір салтын ұстану;
 - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
 - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау. Күтілетін нәтижесі:
 - Жан мен тән тазалығын сақтайды;
 - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ұсыным

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;

- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;

- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады. Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

-балалармен ертегісағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала»тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру; - балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады. 6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдеби мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Сакқұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

ҚЫРКҮЙЕК

5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқталу нысаны	Тәрбие құндылықтары	Орындау мерзімі
1	Білім күні. «Мектебім мейірім мекені»	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	1.09.2023
2	«Менің тілім – менің досым»	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	8.09.2023
3	«Менің берік отбасым»	Сурет көрмесі	Ар-ұят	15.09.2023
4	«Жолы болсын әркімнің, орында жол тәртібін!» ЖЖЕ	Тәрбие сағаты	Талап	22.09.2023
5	«Қазақтың ұлттық тағамдары»	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	29.09.2023

ҚАЗАН

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 қазан – Республика күні

6	1 қазан - Қарттар күні	Сынып сағаты	Ар-ұят	6.10.2023
7	5 қазан – Мұғалімдер күні	Сынып сағаты	Ар-ұят	13.10.2023
8	Реттелмейтін жол қиылыстары. ЖЖЕ	Тәрбие сағаты	Талап	20.10.2023
9	«25 қазан Республика күні»	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	27.10.2023

ҚАРАША

15 қараша - Ұлттық валюта күні

10	«Ұлттық тәрбие ұлт болашағы»	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	10.11.2023
11	15 қараша - Ұлттық валюта күні	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	17.11.2023
12	«Табиғатты қорғайық»	Сынып сағаты	Талап	24.11.2023

ЖЕЛТОҚСАН

16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

14	«Дені саудың жаны сау»	Сынып сағаты	Талап	1.12.2023
15	«Көк тудың желбірегені»	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	8.12.2023
16	«Өкеге-ізет, анаға –құрмет» Трамвайда және көліктің басқа да түрлеріне сапарға шығу. ЖЖЕ	Сынып сағаты	Ар-ұят	15.12.2023
17	«Жаңа жыл 2024» қатысу	Ертеңгілік	Талап	22.12.2023

ҚАҢТАР

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Сағат саны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
17	«Мен оқыған бір ертегі»	Сынып сағаты	Талап	12.01.2024
18	«Адам қасиеттерінің қазынасы»	Сынып сағаты	Ар-ұят	19.01.2024
20	«Зорлық зомбылыққа қарсымыз»	Сурет көрмесі	Талап	29.01.2024

АҚПАН

21	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»	Сынып сағаты	Ар-ұят	02.02.2024
22	«Дені саудың жаны сау»	Тәрбие сағаты	Талап	16.02.2024
23	«Мектептегі мінез-құлық ережелері»	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	23.02.2024

НАУРЫЗ

1 наурыз – Алғыс айту күні
 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

24	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні «Бәрі де, Ана , бір өзіннен басталды»	Сынып сағаты	Ар-ұят	1.03.2024
25	«Абайлаңыз, балақай» ЖЖЕ	Тәрбие сағаты	Ұлттық мүдде	07.03.2024
26	«Қазақтың ұлттық тағамдары»	Тәрбие сағаты	Ұлттық мүдде	15.03.2024

СӘУІР

12 сәуір - Ғылым күні

27	«Үйрен жақсы әдептен...»	Тәрбие сағаты	Ар-ұят	6.04.2024
28	12 сәуір - Ғылым күні	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	12.04.2024
29	Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері.	Сынып сағаты	Талап	19.04.2024
31	«Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі»	Сынып сағаты	Талап	26.04.2024

МАМЫР

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
 9 мамыр-Жеңіс күні

32	7 мамыр-Отан қорғаушылар күні	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	3.05.2024
33	9 мамыр-Жеңіс күні «Жеңіс деген шат күлкісібаланың»	Сынып сағаты	Ұлттық мүдде	10.05.2024
34	«Салауатты ұрпақ тәуелсіздік тірегі» «Жаз кезіндегі қауіпсіздік ережелер» ЖЖЕ	Тәрбие сағаты	Талап	17.05.2024
35	«СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!»	Іс шара	Ұлттық мүдде	24.05.2025